



ТАУДАҒЫ ЖАҢҒЫРЫҚ
(Мәдидің монологы)

Арбасқан жылан айналаң,
Адаспай қалды қай балаң?!
Қынаптан шыққан қылышнық
Қаскөй Қандосым қайраған.

Арғымақ етіп арманды,
Алашқа бердім алғанды.
Жалтақтай қоймас жан едім.
Жақтырмай барам жалғанды.

Көлденең тұрса көк бестім.
Көк дауыл-ғұмыр көп кештім.
Көп иттен көріп қорлықты.
Көксерек-тағдыр от кештім.

Туғаным-жауым қасымда,
Туладым жалын жасымда.
Қара баланың қазығы.
Қарқаралының басында.

Барымтам болса есепте.
Қарымтам Қаракесекке.
Ақыры адуын жанымды,
Қалдырдың жала, өсекке.

Сонардан соңғы таңғы ізбен,
Талқанның шығар жар-құзбын.
Қалын елімнің ішінде,
Ағайыны көп, жалғызбын.

Сорлатып едің "зорларын",
Қараөткел болды қорғаным.
Қалғып кеткенде ояттым,
Қарқаралының орманын.

Қиялдай жүріп, түсіндім.
Қияңнан бүркіт ұшырдым.
Қарқаралының басынан,
Қаралы бұлтын ысырдым.

Болыстың міндім қылының
Орыстың көрдім ылаңын.
Түн қатын жүріп жазғанмын,
Қарқаралының ұранын.

Ту ұстағанды бөлмедім,
Туыстан қасты көрмедім,
Туралап келген ажал жоқ.
Туралап аттың, өлмедім.

Бес қаруымды сайладым,
Бес Бошанымды жайладам.
Имедім итке басымды,
Ит жеккенге де айдадың.

Суынан іштім Қайнардың,
Қайнаған кекке айналдың.
Мені туған жер киелі.
Атыннан сенің айналдым!

Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ

АЙМАҒЫМ - АЛТЫН
БЕСІГІМ
(Шет ауданының 80 жылдығына)

Құла түзе құлан жортып ойнақтар,
Жер емес бұл жел сөзбенен жай мақтар.
Саумал желді Сарыарқаның төсінде,
«Шет ауданы» атты ғажап аймақ бар.

Атауына қандай мадақ сияды,
Кең жазықты, асқар таулы, қиялы.
Аймағым бұл топырағын шандатқан,
Кенесары тұлпарының тұяғы!

Аймағым-ай!
Бакытым-ай, бағым-ай!
Қай дауылда сынбай қалған сағың-ай!
«Тайатқанда» сүргін салған тауыңа,
Ақжолтайың - Шұбыртпалы Ағыбай.

Аймағым-ау!
Әнге де бай, күйге бай,
Пешенеме тағдыр берген сый қалай.
Ақ найзамен қорғап қалған арыңды,
Адал ұлдар - Сеңкібай мен Жидебай.

Аюлыға арқа тіреп сан мықты,
Қас дұшпанын қыр асырып, қаңғытты.
Бата берген Абайыңа Қазақтың,
Ботантайдың дұлмар ұлы - Жанғұтты!

Ырыс - құтың қай кезде де ортаймай,
Тарихың бар қара нарға артардай.
Жер - бесіктің, қазағымның шайыры -
Мәңгілікке дамыл тапқан Шортанбай.

Шырайынды келтіретін сәнді етіп,
Тұлғалардан көрген емес, мән кетіп.
Сайран салан Сейфулланың Сәкені,
«Тау ішінде», Тағылыда әндетіп.



СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНЕ КЕЛДІ АУДАНЫМ

Сексеннің сеңгіріне келіп жеткен,
Құтты болсын мерейтой, нар ауданым.
Күндерді небір-небір желдей ескен,
Артқа тастап қасқайып тұр ауданым.

Жырыма асқақтаған шабыт берін,
Көңілімді тасытқан жырлы ауданым.
Сай келіп тұр сәніне салтанатың,
Жайнай түс, құлпыра бер, нұрлы ауданым.



Шыңдарындай Толағайдың,
Матақтың,
Шын дарындар, таусылар ма атақтым.
Әбди, Сембек, Қыздарбектер күй
төгіп,
Жыр ағызған Маясары Жапақтың.

Бабам жолы ұрпақарға жалғасқан,
Бар қазір де ұландарын - алдаспан.
Атағыңды аспандатты емес пе.
Академик Ақылбаев марқасқан.

Ақ селеулі, боз жусанды бақ - далам,
Мақтана алсам - тек өзіңмен
мақтанам!
Керегі жоқ бас айналар дәулеттің
Сенің ұлын деген жетер ат маған!

Жаңа күннің жарқыраған арайы,
Келер талай той тойлаудың орайы.
Сексенінді нәсіп еткен көруді,
Аман болғай елімнің Ақсарайы!

Шортанбай, Қақпан, Жәкен, Маясарың,
Із қалдырған жырымен сазды ауданым.
Ынтымағы жарасып, берекемен,
Торқалы тойын тойлап озды ауданым!

Қарлығаш Төлеукұлқызы
Бұрма ауылы, ұстаз

ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘР НЕГЕ, ӨНЕРПАЗ БОЛСАҢ АРҚАЛАН